

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС отырысының 2024 жылғы 01 шілдедегі ҚАУЛЫСЫ**

1. Инфрақұрылым және қаржы: ағымдағы жағдайы және жоспарлар. Қаржы және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор К.А.Аменованың «Инфрақұрылым және қаржы: ағымдағы жағдайы және жоспарлар» туралы ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қаржы және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор К.А.Аменованың "Инфрақұрылым және қаржы: ағымдағы жағдайы және жоспарлар" туралы ақпарат назарға алынсын.
2. Қаржы және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор К. А. Аменова әлеуетті инвесторларды іздеуді бастай отырып, қайта құру жобасын әзірлеу және жөндеу-құрылыс жұмыстарының құны бойынша алдын ала есептеулер жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын (орындау мерзімі – 2025 жылғы 30 маусымға дейін).
3. Қаржы және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор К. А. Аменова университеттің Қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асырсын (орындалу мерзімі – тұрақты).
4. Осы шешімдердің орындалуын бақылау қаржы және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор К. А. Аменоваға жүктелсін.

**2. 2023/2024 оқу жылындағы көктемгі сессия нәтижелері.**

Академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбекованың «2023/2024 оқу жылындағы көктемгі сессия нәтижелері» туралы есебін тыңдап және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

**1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаментке:**

- Өзектендірілген НҚА мен трендтерді ескере отырып, академиялық саясатты қайта қарау.
- Білім алушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуына жүйелі негізде мониторинг жүргізу.
- Жұмыс берушілердің қатысуымен факультеттерде мамандарды даярлау сапасын талқылауды ұйымдастыру.
- Университеттің академиялық адалдық Лигасына кіруі жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу.

**2. Білім беру бағдарламаларын қалыптастыру департаментіне:**

- ECTS стандарттарын қолдануды ескере отырып, ПОӘК жаңарту бойынша жұмысты аяқтау.
- Жаңа сынақтарды, НҚА, ҰК ескере отырып, ПОҚ үшін тренингтер өткізу бойынша Жол картасын ұсыну.
- ДБ жобасы шеңберінде өткен тренингтердің ПОҚ тәжірибе алмасуын тиісті деңгейде ұйымдастыру .
- Инновациялық білім беру бағдарламаларының іске асырылуына мониторинг жүргізу.
- Шетелдік тағылымдамадан өткен ПОҚ, "Болашақ" бағдарламаларының стипендиаттары, Үздік оқытушы және т. б. арасында тәжірибе алмасу алаңын құру.

-Әрбір кафедраның құрылымы мен мазмұнын саралай отырып, білім алушыларға бағытталған сапалы білім беру мақсатында сабақтас пәндер циклі айқындалып, әрбір кафедраның жүргізетін пәндер тізімі Академиялық кеңесте бекітілсін (жауапты кафедра меңгерушілері мен институт директоры/ факультет декандары мерзімі **25.08.2024 ж. дейін**).

**3. Факультеттер және факультет жанындағы ОӘБ:**

- Инновациялық технологиялар мен оқыту әдістерін қолдануға бағытталған білім беру процесін жетілдіру бойынша Жол картасын ұсыну.
- Сессия кезеңінде анықталған ПОҚ пен білім алушылардың бұзушылықтары бойынша қызметтік тергеу жүргізу.

**3. Абай атындағы ҚазҰПУ ғылыми журналдарының мәселесі мен перспективасы.**

Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор Е.Сұлтаннның «Абай атындағы ҚазҰПУ ғылыми журналдарының мәселесі мен перспективасы» туралы есебін тыңдап және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор Е. Сұлтаннның баяндамасы *назарға алынсын.*

2. **Ғылыми журналдардың бас редакторларына:** ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 14 маусымдағы №295 бұйрығымен бекітілген «Ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне қосу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарына» Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысының сериялары сәйкестендірілсін (*Орындау мерзімі - 2024 жылғы 30 қыркүйекке дейін*).

3. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысының «Әлеуметтану және саяси ғылымдар»; «Филология ғылымдары»; «Жаратылыстану-география ғылымдары» серияларының бас редакторларына: ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК Басылымдар тізбесіне қосуға 2024 жылы ұсыныс берілсін (Орындау мерзімі - 2024 жылғы 30 тамызға дейін).

4. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысының «Юриспруденция»; «Арнайы педагогика»; «Көркемөнерден білім беру: өнер, теориясы, әдістемесі» серияларының бас редакторларына: ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК Басылымдар тізбесіне қосуға 2025 жылы ұсыныс берілсін (Орындау мерзімі - 2025 жылғы 30 ақпанға дейін).

5. Ғылым департаментіне: Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысының «Экономика»; «Көптілді білім беру және шетел филологиясы», «Халықаралық өмір және саясат» серияларының жеке сайттары әзірленсін (Орындау мерзімі - 2024 жылғы 30 желтоқсанға дейін).

6. Ақпараттық технологиялар басқармасына: Университет серверінде орналасқан ғылыми журналдардың сайттарының үздіксіз жұмыс істеуі, ашық қолжетімділігі қамтамасыздандырылсын (Орындау мерзімі - үнемі).

7. Факультет декандары және кафедра меңгерушілеріне: Ғылыми журналдардың редакциялық алқалары мен рецензенттер базасын күшейту мақсатында Хирш индексі жоғары отандық және шетелдік ғалымдардың тізімі Ғылым департаментіне ұсынылсын (Орындау мерзімі - 2024 жылғы 30 қыркүйекке дейін).

8. Осы шешімнің орындалуын бақылау Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор Е. Сұлтанға жүктелсін.

#### 4. 2023/2024 оқу жылының қорытынды аттестаттау комиссиясының қорытындысы туралы.

Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н. Жанбековтың «2023/2024 оқу жылының қорытынды аттестаттау комиссиясының қорытындысы» туралы есебін тыңдап және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н. Жанбековтың баяндамасы назарға алынсын.
2. Университеттің қорытынды аттестаттау комиссиялары төрағаларының есептері 01.07.2024 ж. дейін бекітілсін.

5.Өртүрлі.

6.Осы қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбековаға жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



Б.А.Тілеп

М.А.Абсатова